

БЕКІТЕМІН

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылым және инновация жөніндегі
проректоры зерттеулерді этикалық
бағалау жөніндегі Комиссияның
торағасы

Г.А. Мерзадинова
2020 ж.



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссияның жұмыс РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссиясының осы жұмыс регламенті (бұдан әрі – Регламент) ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің, университет студенттері және докторанттарын жүзеге асыратын ғылыми зерттеулердің жаратылыстану – техникалық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда қабылданған этикалық нормаларға, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкестігі туралы қорытындыны (бұдан әрі – Қорытынды) алу тәртібін белгілеу үшін әзірленді.

1.2. Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №170 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №170 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларын», сондай-ақ, 2018 жылғы 25 желтоқсандағы «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ академиялық саясатын» және 2019 жылғы 28 мамырдағы «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушыларының, қызметкерлерінің, білім алушыларының академиялық адалдық саясатын» басшылыққа алады.

1.3. Этикалық нормаларға сәйкестік туралы Қорытынды алу мүмкіндігін қамтамасыз ету Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторантурасының түлектеріне «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің» 20-тармағының талаптарына сәйкес диссертация қорғауға, сондай-ақ, штаттағы қызметкерлер мен білім алушылардың мақалаларын (ғылыми жобаларын) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда және/немесе авторлардан тиісті қорытындыны талап ететін басқа да баспа басылымдарында жариялауға қол ұшын беруде қажет.

1.4. ЕҰУ зерттеулерінің авторларымен (басшыларымен) этикалық нормаларға сәйкестік туралы Қорытынды алу ерікті және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

1.5. Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссияның құрамы және ондағы өзгерістер Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2. Этикалық нормаларға сәйкестік туралы қорытынды алу тәртібі

2.1. Этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытындыны диссертация авторының және/немесе (жетекшісінің) жазбаша өтініші негізінде зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) береді. Өтініш нысаны осы Регламенттің Қосымша 1 келтірілген.

2.2. Комиссия қорытындысын алу үшін авторлар pdf. форматта келесі құжаттар тізімін ұсынулары тиіс:

2.2.1 диссертацияларды қарау үшін:

- өтініш (*Қосымша 1*);

- диссертация;

- отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері;

- қорғауға ұсыным беру туралы қаулымен бірге диссертация орындалған кафедраның (құрылымдық бөлімшенің) кеңейтілген мәжілісінің хаттамасы;

2.2.2 ғылыми жобаларды, мақалаларды немесе басқа да жұмыстарды қарау үшін:

- өтініш (*Қосымша 1*);

- ғылыми жоба, мақала немесе басқа жұмыс;

- «Антиплагиат. ЖОО» жүйесінде тексеру нәтижесі;

Комиссия хатшысының зерттеу авторына (жетекшісіне) келіп түскені туралы жауап хаты өтініштің алынғанын растау болып табылады.

2.3. Хатшы Комиссия отырысын онлайн-конференция форматында айына 2 (екі) рет (өтініштердің келіп түсуіне қарай) ұйымдастырады. Отырыс басталардан 5 күн бұрын хатшы Комиссияның әрбір мүшесіне қоса берілген құжаттармен бірге диссертация немесе басқа да ғылыми жұмыс жібереді. Комиссия мүшелері келіп түскен материалдарды зерделейді, эмпирикалық зерттеу жобасының мазмұндық және әдіснамалық аспектілерін бағалайды, содан кейін отырыс барысында эмпирикалық зерттеу жобасының этикалық нормаларға сәйкестігіне қатысты өз түсініктемелерін айтады. Содан кейін Комиссияның әрбір мүшесі келесі шешімдернің бір нұсқасына ашық дауыс береді:

диссертация бойынша:

- зерттеу нысандарының (тірі табиғат нысандары мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату үдерісіне қатысты бұзушылықтар жоқ;

- диссертацияда зерттеу нысандарының (тірі табиғат нысандары мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату үдерісіне қатысты бұзушылықтар бар.

ғылыми жобалар, мақалалар немесе басқа жұмыстар бойынша:

- Эмпирикалық зерттеу жобасы этикалық нормаларға толық сәйкес келеді және қазіргі түрде жүзеге асырылуы мүмкін;

- Эмпирикалық зерттеу жобасы этикалық нормаларға сәйкес келеді және этикалық тұрғыдан маңызды емес бірқатар түзетулер мен өзгерістер енгізілгеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін;

- Эмпирикалық зерттеу жобасы этикалық нормаларға толық сәйкес келмейді. Ол айтылған ескертулер мен ұсынымдарды ескере отырып, пысықталғаннан кейін, сондай-ақ, Комиссияның қайта қарауынан кейін жүзеге асырылуы мүмкін;

- Эмпирикалық зерттеу жобасы этикалық нормаларға сәйкес келмейді және оны жүзеге асыру мақұлданбайды.

2.4. Комиссия қорытындысының жан-жақтылығы мақсатында отырыс өтініш берушінің, сондай-ақ, отандық ғылыми кеңес берушінің (диссертациялар бойынша) және/немесе жобаның, мақалалардың және т.б. ғылыми жетекшісінің міндетті түрде қатысуымен өтеді.

2.5. Комиссия хатшысы айтылған түсініктемелер негізінде және дауыс беру нәтижелері бойынша шешім нұсқасын көрсететін және Комиссия қабылдаған этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытынды дайындайды (нысан осы Регламентке *Қосымша 2* келтірілген). Дауыс беруге қатысқан Комиссия мүшелерінің санынан 75% және одан көп дауыс алған нұсқа Комиссия қабылдаған болып есептеледі. Егер нұсқалардың бірде біреуі дауыс беруге қатысқан Комиссия мүшелері санының 75% және одан да көп дауысын алмаған жағдайда, өтінішті қайта талқылау жүргізіледі. Егер диссертация авторының ғылыми кеңесшісі немесе зерттеу авторы (жоба жетекшісі) комиссия мүшесі болып табылса, ол дауыс беруге қатыспайды.

2.6. Қорытынды қазақ (қазақ тілінде орындалған зерттеулер үшін) немесе орыс тілдерінде (орыс және ағылшын тілдерінде орындалған зерттеулер үшін) беріледі, оған Комиссия төрағасы және хатшысы қол қояды, ЖОО мөрімен бекітіледі және Комиссия төрағасы қол қойған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде қағаз түрінде тапсырылады. Қорытындының көшірмесін Комиссия хатшысы зерттеу авторына (басшысына) оған комиссия төрағасы қол қойған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жібереді.

2.7. Қайта зерделеуге түскен материалдарды қарау 2.2, 2.3 тармақтарда көрсетілген тәртіпте жүргізіледі.

2.8. Өтініштерді қараудың және қорытындыларды дайындаудың жалпы мерзімі диссертация, мақала авторының немесе зерттеу жобасының жетекшісінің өтінішін алған сәттен бастап 10 жұмыс күнінен аспайды.

3. Осы Регламенттің орындалуына жауапкершілік

3.1. Авторлар және/немесе зерттеу жетекшілері ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауапты болады.

3.2. Комиссия зерттеулердің нәтижелерін таратпау және жарияламау, сондай-ақ, зерттеу авторларының (жетекшілерінің) өтініштерін уақтылы қарау және этикалық нормаларға сәйкестігі туралы қорытындылар дайындауға жауапты болады.

**Қорытынды алуға арналған Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссияға берілетін өтініш
үлгісі**

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ғылым және
инновация жөніндегі проректоры –
зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі
Комиссия төрағасы Г.Т. Мерзадиноваға*

*..... (автордың ТАӘ),
Курс/мамандығы/қызметі/ кафедра атауы*

Моб. тел. _____

Email: _____

Өтініш

*Сізден «...» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу бойынша
құжаттар пакетіне этикалық сараптама жүргізу туралы сұрақты
қарастыруды сұраймын.*

Құжаттар сұратылған тізбе бойынша қоса беріледі.

Өтініш беруші-автор: _____ (ТАӘ)

*Қолы
күні*

**Этикалық нормаларға сәйкестігі туралы
Қорытындының нысаны**

Шығ. №__ күні __. __.20 __ ж.

**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ УНИВЕРСИТЕТИ**

Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссия

№__ Хаттама «__» __ 20__ ж., Нұр-сұлтан қ.

Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссия Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторантының «..... –» мамандығы бойынша «.....» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу материалдарын қарап, келесідей қорытындыға келді:

- «..... –» мамандығы бойынша «.....» тақырыбындағы диссертацияда зерттеу нысандарының (тірі табиғат нысандары мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату үдерісіне қатысты бұзушылықтар жоқ.

Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі Комиссияның шешімі (№__ хаттама). __.20 __ ж.) негізінде, «..... –» мамандығы бойынша «.....» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған диссертация бойынша оң қорытынды беру туралы шешім қабылданды.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі
Комиссия төрағасы

ТАӘ

Хатшы

ТАӘ

Байланыстар:.....